

ОӘК 347.78.034

**ЧАРЛИ ЖӘНЕ ШОКОЛАД ФАБРИКАСЫ ПОВЕСІНДЕГІ ОНОМАТОПЕЯНЫҢ
АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Алтынбекова Алима Қанатқызы, Бектлеуова Аружан Сәулетқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 6В02307 «Аударма ісі» мамандығының 3-курс студенттері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

alima.altyn@mail.ru aruzhan.bs@yandex.kz

Ғылыми жетекшісі: магистр, оқытушы А.Н. Калтенова

Адамның сөйлеуі – бұл психикалық және физикалық және шығармашылық болып табылатын күрделі процесс. Шығармашылық – адамды жануардан ажырататын факторлардың бірі. Бұл адамдардың жаңа нәрсені жасауға және ойлап табуға деген ұмтылысы, бұл прогрестің қозғаушы күші, соның арқасында сөйлеу пайда болды. Тілдің өзі сияқты сөйлеудің де сөзжасамсыз өмір сүре алмайтындығы, ал сөзжасам өз кезегінде сөздің ыңғайлы да дұрыс болуына ықпал ететін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін тудыру мақсатын көздейтін шығармашылық үдерістен басқа ештеңе емес екендігі осыны дәлелдейді [1].

Еліктеу сөздер немесе ономатопеялар бұл қоршаған әлемнің дыбыстарын немесе адамдар шығаратын дыбыстарды бейнелейтін ерекше тілдік белгілер. Бұл тілдік белгілер адамның есту қабілетімен байланысты және тілдің фонемалық құралдарын қолдана отырып дыбыстарды көрсетеді [2].

Филолог В.В. Фатюхин көркем аудармада ономатопеяны беру әдістеріне жалпы шолу жасай отырып, стратегия негізінен функционалды баламаны таңдауға немесе жалпылау, нақтылау, қосу және төмендету, орнын ауыстыру, сондай-ақ ауыстыру, антонимдік аударма, пермутация сияқты аударма түрлендірулерін қолдануға негізделгенін айтады [3].

Ономатопея экстралингвистикалық факторды (дыбыстық шындықты бейнелейді) және лингвистикалық факторларды көрсетеді, соның нәтижесінде құрылымдық мағынада ономатопея азды-көпті жүйелі сипатқа ие болады.

Әрбір көркем әдебиет аудармашысы ономатопеяларды аудару проблемасына тап болады. Қазіргі аударма теориясына сәйкес аудармашының негізгі міндеті – стилистикалық және экспрессивті ерекшеліктерін сақтай отырып, түпнұсқаның мазмұнын басқа тіл арқылы толық және дәл жеткізу. Аударма теориясы мен практикасында түпнұсқа мәтіннің ұлттық ерекшелігін көрсететін лексикалық бірліктерді аударма тілінде сақтау және барабар жеткізу мәселесі ерекше орын алады [2].

Көбінесе ономатопеялық және дыбыстық-символдық сөздер көркем шығармада кейіпкерді және оның белгілі бір жағдайдағы эмоционалдық күйін жанама сипаттау үшін қолданылады. Аудару кезінде негізгі мәселе – бейнелі сөздің адамның немесе жануардың эмоционалдық күйін, мінез-құлқын немесе сөйлеу мәнерін бере алуы.

Мысалы:

№1-кесте

Ағылшын тіліндегі Р. Дальмен жазылған түпнұсқа	Ү. Кеңесбаеваның қазақ тіліне аудармасы
Suddenly, the air was filled with screams of excitement. The screams came from Veruca Salt. She was pointing	Кенет төңірек біреудің қуана шыңғырған дауысына тұнып қалды. Шыңғырып тұрған Верука Солт еді.
frantically to the other side of the river. 'Look! Look over there!' she screamed [4].	Саусағын өзеннің арғы жағына қарай шошайтады [5].
Mrs Salt opened her huge red mouth and started to scream [4].	Миссис Солт қып-қызыл аузын апандай ашып, жан дауысы шыға шыңғырды [5].

«Чарли және шоколад фабрикасы» хикаясында Верука Солт атты кейіпкер бар. Бұл бұзылған қыз өзінің барлық талаптарының бірден орындалуына дағдыланған. Кейіпкердің мінезін ерекшелеу үшін автор өз сөзінде «айқайлау» – «to scream» дыбыстық-символдық етістігін қолданады, бұл өз-өзіне назар аударудың бірден-бір тәсілі. Бұл жағдайда етістік белгілі бір етістіктерді қолдануда көп емес өрнектелетін кейіпкердің жанама сипаттамасы қызметін атқарады және бұл аударма нұсқасын таңдау кезінде ескерілуі керек.

№2-кесте

Ағылшын тіліндегі Р. Дальмен жазылған түпнұсқа	Ү. Кеңесбаеваның қазақ тіліне аудармасы

Great flabby folds of fat bulged out from every part of his body... [4].	Денесінен қатпар-қатпар май салбырап, алып камыр зуаласын елестетін жалпақ бетіндегі жылтыраған қарақат көзітесіле қарайды [5].
--	---

Ертегінің тағы бір кейіпкері ол Август атты бала. Оны сипаттау үшін автор "flabby" дыбыстық-символдық сын есімді қолданады, ол автордың көзқарасын субъективті білдіру құралы ретінде әрекет етеді. Қазақ тіліндегі аудармасында *flabby* сөзін күрделі сын есім қолдану арқылы оның босаң және қатпарланғанын жеткізгісі келді. Осылайша аудармашы сөйлемді толыққанды, әрі қазақ оқырмандарына барыншатүсінікті етіп жеткізе алды.

№3-кесте

Ағылшын тіліндегі Р. Дальмен жазылған түпнұсқа	Ү. Кеңесбаеваның қазақ тіліне аудармасы
‘Get up, get up!’ cried Mr. Wonka, roaring with laughter [4].	– Тұрыңыздар! Тұрыңыздар! – деп жатыр мистер Воңка сықылықтай күліп [5].

Ономатопеяның "to roar" – "to make a very loud, deep sound" және "сықылықтау" етістігінің мағыналарының сәйкес келмеуінің себебі аудармашылардың мәтін үзіндісін жағымсыз коннотацияға ие еліктеу сөздерін қолдану арқылы эмоционалды түрде жүктемеуге деген ұмтылысы болды, өйткені аударылған хикая жас оқырмандарға бағытталған. Қазақ тілінде бірнеше синонимдері бар "айқайлау, ақыру, бақыру" деген мағынаны беретін "to roar" етістігін қолданбау үшін аудармашылар оны аз стилистикалық мәні бар ситуациялық синонимге ауыстырды. Аудармашы семантикалық алмастыру әдісін қолданды, бірақ сөздің эмоционалдық реңкін сақтай алмады.

Осылайша коннотативті компоненттің жоғалуы туралы қорытынды жасауға болады, ол ағылшын нұсқасында өте айқын сақталған.

Талдау барысында ағылшын тіліндегі дыбыстық-бейнелік сөзді бейтарап лексикалық бірлікпен алмастыру жағдайлары әлдеқайда аз анықталды. Мысалы:

№4-кесте

Ағылшын тіліндегі Р. Дальмен жазылған түпнұсқа	Ү. Кеңесбаеваның қазақ тіліне аудармасы
‘Whips!’ cried Veruca Salt. ‘What on earth do you use whips for?’ – ‘For whipping cream, of course,’ said Mr. Wonka. ‘How can you whip cream without whips? Whipped cream isn’t whipped cream at all unless it’s been whipped with whips.’ [4].	– Камшы!? – деді бұл жолы Верука Солт. – Ол не үшін керек? – Кремді қамшылау үшін, әрине, – деп жауап берді мистер Воңка. – Кремді қамшысыз қалай қамшылайсыз!? Қамшымен қамшыланбайынша қамшыланған кремді қамшыланған крем деп атауға болмайды [5].

Ономатопеялық бірліктерді талдауға көшу үшін эпизодты тұтастай талдау қажет. Шоколад фабрикасын аралау кезінде Верука Солт Вилли Вонкадан «ҚАМШЫ - БАРЛЫҚ ПИШІМДЕР МЕН ӨЛШЕМДЕР» деген жазуы бар бөлменің жанынан өтіп бара жатып, оларды не үшін пайдаланатынын сұрады.

Whip деген еліктеу сөзінің зат есім мен етістік ретінде қолданылуы әзіл ретінде қолданылуды көздеді. Бірақ сөз тіркесінің стильдік құралы, басқаша айтқанда, әзіл- ысқақ

ерекшелігі аударма тілінде түсініспеушіліктер туғызды. *Whip/to whip* дыбыстық- символдық сөздерінің баламасын *қамшы* сөзін пайдаланғаныменен, эзіл хикаяны түпнұсқа тілінде оқымаған көрерменге түсініксіз болып қалды. Себебі ағылшын тілінде *whipped cream* сөз тіркесінің *көпіршітілген кілегей* деген де мағынасы бар, яғни автор *whip* сөзін пайдалану арқылы сөз орамын жасамақшы болды.

№5-кесте

Ағылшын тіліндегі Р. Дальмен жазылған түпнұсқа	Ү. Кеңесбаеваның қазақ тіліне аудармасы
All about him back metal pots were boiling and bubbling in huge stoves, and kettles were hissing and pans were sizzling, and strange iron machines were clanking and spluttering, and there were pipes running all over the ceiling and walls, and the whole place was filled with smoke and steam and delicious rich smells [4].	Үлкен пештің үстінде шөгендер бұрқылдап, шәугімдер шыжылдап, бақырлар быжылдап, түсініксіз темір механизмдер тарсылдауда; қабырғалар мен шаңырақты түгел құбырлар торлапты, төңіректі тұтас хош иіс жайлап алған [5].

Келесі мысалда бес лексемаларды қарастырамыз. Олар: "bubbling", "hissing", "sizzling", "clanking", "spluttering". Шоколад зауытының сипаттамасы әр түрлі шу мен шуылға толы. Бұл мотивтер фонемалық өрнекпен біріктірілген, ол бастапқы және соңғы дыбыстық символдардың симметриямен ұсынылған ("bubbling" және "spluttering") және дауыссыз дыбыстың артқы қатардағы дауысты дыбыспен үйлесуінде көрінеді. Аталмыш мысалдың аудармасы түпнұсқа тіліне өте жақын аударылды.

Түпнұсқадағы синтаксистік параллелизмге қол жеткізуге болатын дыбыстық- бейнелік бірліктер формаларының қысқалығы мен нақтылығын сақтау баяндау динамикасын төмендетпеуге көмектеседі.

№6-кесте

Ағылшын тіліндегі Р. Дальмен жазылған түпнұсқа	Ү. Кеңесбаеваның қазақ тіліне аудармасы
Veruca struggled furiously, but the squirrels held her tight and she couldn't move. The squirrel on her shoulder went tap-tap-tapping the side of her head with his knuckles [4].	Верука бар күшімен жұлқынып еді, бірақ тажырамай қатты жабысып алған тиіндер тырп еткізер емес. Иығына отырып алған тиін Веруканың басының екінші жағын тоқ-тоқ еткізіп тақылдатып жатыр [5].
Mr. Wonka turned around and clicked his fingers sharply, click, click, click, three times [4].	Мистер Воңка бұрылды да, саусақтарын шырт-шырт-шырт еткізіп үш рет шыртылдатып еді, ғайыптан бір умпа-лумпа пайда болып, оның қасына кеп тұра қалды [5].

Ономатопеялық *to tap* етістігі бір нәрсені қайта-қайта соғу, қағу немесе басу деген мағынаға ие. Бұл мысалда *to tap* етістігіне қазақ тілінде сай келетін балама қолданылып, қазақ тілінің еліктеу сөздеріне бай екендігін айқындаған болатын.

Аудармашы екінші мысалда да *click* ономатопеялық етістігін сәтті аударып, сөйлемдегі оқиғалардың қыр-сырын оқырманға жеткізе білді.

Ағылшын тіліндегі көркем шығармалардың дыбыстық-бейнелік лексикасын қазақ тіліне аударудың негізгі ерекшеліктерін қарастыра отырып, ономатопеялық және дыбыстық-символдық бірліктері бар мәтінді аудару сапасы аудармашының мағынасын қаншалықты терең жеткізуге тырысатындығына тікелей байланысты деп қорытынды жасауға болады.

Кейде аудармашылар түпнұсқада қолданылған сөз мағынасының барлық реңктерін толық жеткізу үшін аударманың түсіру, қосу сияқты тәсілдеріне жүгінді. Сонымен қатар, мұндай бірліктерді аударудың бірде-бір әдісі әмбебап бола алмайды. Еліктеуіш аударма отырып, күшейтілген әсерді жоғалтпау және автор жасаған фоносемантикалық үлгіні сақтау үшін контекстен және оның мағынасынан бастау керек. Еліктеуіш сөздерді қолдану авторға сөздердің тікелей мағынасын айтудан гөрі көбірек айтуға көмектеседі. Ол оқырманның ойларын, қиялын және сезімдерін қамтиды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Садовникова А. Г. Ономатопея: особенности и актуальность // *Молодой учёный*. – 2016. – № 21 (125). – С.1020 – 1022..
2. Adzhimuratova, Z.N. “The Problem of Translation of Onomatopoeic Words in the Crimeantatar Language.” *Язык и текст*, vol. 6, no. 1, 2019, pp. 126–130, 10.17759/langt.2019060121. Accessed 4 Mar. 2021.
3. Фатюхин В.В. Особенности перевода звукоподражаний и междометных глаголов: на материале русского и английского языков: Дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20/ В. В. Фатюхин. – Москва, 2000. – 184 с.
4. Dahl, Roald, and Quentin Blake. *Charlie and the Chocolate Factory*. New York, Ny, Puffin Books, 1999.
5. “РОАЛД ДАЛ - Чарли және шоколад Фабрикасы.pdf.” *Vk.com*, 3 Feb. 2017, vk.com/doc233124282_441402981?hash=75d57208e380a0e7e7. Accessed 30 Mar. 2022.